

**«НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

(ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ)

Астана, 2007

«ГҮЛДЕНГЕН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»

«НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Еліміздің Тұңғыш Президентінің стратегиялық бағытын табысты іске асыру, жүргізілген экономикалық және саяси реформалар мемлекетіміз бен қоғамымызды дамудың жаңа сапалы сатысына көтерді. Қазіргі заманға сай демократиялық даму үстіндегі әлеуметтік мемлекет құру енді алшақ келешек емес, жуықтағы мақсатқа айналмақ. Оған қоғамды жұмылдыра отырып және экономикалық, саяси, әлеуметтік салаларды басқарудың демократиялық құралдарымен, халықтың, әрбір қазақстандықтың ауқымды әлеуметтік бастамаларын іске асыру тетіктерімен қамтамасыз ете отырып қол жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті әзірлеген стратегиялық бағдарламалар біз осы жолда **не істеуіміз керек** деген сұраққа жауап береді.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы осы **мақсатқа кім және қалай қол жеткізуге болатынын біледі.**

Қазақстанды гүлденген демократиялық мемлекетке айналдыратын **жасы мен кәсібі, ұлты мен діні әртүрлі сіздермен біз, құрметті қазақстандықтар.** Бар күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, еңбегімізге деген қоғамдағы өз орнымызға және билігімізге деген жаңа көзқарастарды тәрбиелей отырып, біз еліміз бен өз өмірімізді қайта өзгертеміз.

Осыған жету үшін біздің қолымызда қажеттінің бәрі бар, яғни халыққа есепті үкімет пен өкілді биліктің қуатты органдары бар. Біздің барлық мақсаттарымыз сараланып, саналы түрде жасалған. Біз қайда бет алғанымызды білеміз және Отанымыздың болашағы жарқын екеніне сенеміз.

* * *

Еліміз бен партиямыздың өмірінде партияның азаматтық белсенділікті дамытуға қабілетті, қоғамды жұмылдыра алатын және мемлекеттік басқаруға қатысу үрдісіне басшылық жасай алатын жаңа кезеңі келді.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы нақ осындай жолды – алдағы өзгерістердің тарихи маңыздылығын, Елбасы саясатына белсенді де, әрекетшіл қолдау көрсету қажеттігін түсіне отырып жасалған жолды таңдайды.

Қоғамдық-саяси күштердің көзқарастары мен жоспарлары бір жерден шығып, бірлік болғанда ғана біз ілгерілеу жолында тұрақты алға баса алатындығымызға көзіміз жетіп отыр.

Бүгінгі таңда Тұңғыш Президенттің стратегиялық жоспарларымен қаланған әлеуметтік бағдарланған мемлекет идеалдарын іске асыру үшін барлық жағдайлар жасалып отыр.

Біздің «Қазақстандық бағыт - 2009» бағдарламамыз Парламент пен Үкіметтің қызметі үшін аса маңызды бағыт-бағдарға айналды. «Отан» партиясы осы жылдардың ішінде **жалпыхалықтық партия** деп аталу құқығына ие болды – ол шын мәнінде **билікке - мемлекетті дамытуға**, ал қоғамға **билікті бақылауға** көмектесті.

Осы күндері бұл үлгі өзінің логикалық жалғасын тауып отыр. Қоғамға Елбасы ұсынған демократиялық қайта өзгеру бағдарламасы барлық қазақстандарға өз мемлекетін басқаруға қатысудың мол мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Яғни, атқарушы билік тұтастай және толық халыққа тәуелді және оның еркіне бағынады.

* * *

Қазақстан өзінің жоғары **экономикалық даму қарқынымен** ерекшеленетін Тәуелсіз мемлекетке айналды.

Қазақстан **экономиканың еркін дамуын және азаматтар құқығы мен мүмкіндіктерінің теңдігін** қамтамасыз етіп отырған мемлекет ретінде танылды.

Қазақстан **дамудың аймақтық көшбасшысына айналды** және оның экономикалық табыстары еліміздің әр отбасы мен әр азаматының әл-ауқаты мен өмірінің жақсаруына әсер етуі керек.

Ол үшін біз не істеуіміз керек?

Жаңашылдық серпілісті жүзеге асыру керек.

Әрқайсымыз лайықты болашақты құруға қатысу үшін ұмтылыс жасауға қол жеткізуіміз керек.

Әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 елінің қатарына Қазақстанның кіру бағдарламасы және Елдің индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы осы мақсаттарға арналған.

Экономика әлемнің өзге де мемлекеттерінің өсу қарқыны мен инновациялық тенденцияларын стратегиялық басып озу мақсатында жұмыс істеуі керек. Ол тек озық ғылым мен болашақ технологиясына арқа сүйеуі қажет.

Біз осыған қалай қол жеткіземіз?

Жалғыз жол бар. Ол: адами мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін ерекше жағдайлар жасау, мемлекетті тиімді басқару, алдыңғы қатарлы саяси жүйемен сыртқы және ішкі жайлы шарттар.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасы, бәсекеге қабілетті мемлекеті және бәсекеге қабілетті азаматтары болуы қажет.

Біз экономикамызды ішкі жалпы өнімнің көлемі адам басына шаққанда 700 АҚШ доллары деңгейінде бастаған болатынбыз және реформа жылдарында 7000 доллар деңгейіне шығамыз.

Ендігі кезекте партиямыз өз алдына мақсат қойып отыр - әр қазақстандықтың басына шаққанда 17 мың АҚШ долларынан астам ішкі жалпы өнім көлемімен әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына кіру. Тек осындай жол арқылы ғана біз әлемнің озық мемлекеттерінің стандарттарына сәйкес өмір сапасының қазақстандық стандартына қол жеткіземіз.

Өмір сапасының қазақстандық стандарты

Әр адамның өмірі бірегей, ол лайықты өмір сүруге құқылы. Ол үшін мемлекет әрбір жеке азамат өз шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруы үшін түрлі жағдайлар жасап, еліміздің өмірлік іс-әрекеттерінің барлық саласын жаңартуы керек.

Сондықтан партиямыз Қазақстанды **әр тұрғынының жағдайына қамқорлық жасайтын гүлденген мемлекетке** айналдыруға ұмтылады. Адамның мүддесі, құқықтары мен бостандығы «Нұр Отан» партиясының негізгі басымдығы болып табылады.

Біздің түсінігіміз бойынша өмір сапасының қазақстандық стандарты:

А. Табыстың жоғары деңгейі, ол ортаеуропалықтардың деңгейінен төмен болмауы қажет.

Әлеуметтік сәйкессіздікті азайту: қазақстандықтар жыл сайын еңбекақысының артуынан және бизнестен түскен кірістерімен дәулеттене түсуі қажет. **Біз халықтың көпшілігі орта жікке жататын әлемнің дамыған мемлекеттері деңгейіне қол жеткізуіміз қажет.**

Б. Жоғары сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау. Біздің медицинада озық техника мен жоғары білікті мамандар болуы керек. Ақысыз көрсетілетін медициналық қызметтер сапасының ең төменгі шегі жоғарылатылуы тиіс.

В. Әлем мойындайтын және сұраныста болатын озық және қолжетімді білім. Біздің орта және жоғары білім беру жүйеміз жоғары білікті мамандарды дайындауы қажет. Олардың аттестаттары мен дипломдары барлық дамыған елдерде мойындалуы тиіс.

Г. Адам құқықтары мен бостандығының басымдығы: әрбір Қазақстан азаматы өзіне Конституцияда берілген кепілдіктердің мүлтіксіз орындалып, қорғауға алынатындығына сенімді болуы керек.

Д. Қоғамдық тұрақтылыққа, халықаралық бейбітшілік пен дінаралық келісімге кез-келген қол сұғушылыққа қарсы қатаң іс-әрекеттер қолдану.

Е. Азаматтарды және олардың меншіктерін қылмыстық қол сұғушылықтан берік қорғау.

Ж. Қала мен ауылды дамытуда тепе-теңдікке жету. Ауылдықтардың өмір деңгейі мен кірісі, сондай-ақ ауылдық жерлерге көрсетілетін қызметтер сапасы қала тұрғындарымен теңестірілуі тиіс.

З. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмен бөлігіне кеңінен қолдау көрсету. Зейнеткерлер, ардагерлер, мүгедектер және аз қамтылған отбасылары әрқашан да қоғамның қамқорын сезінуі керек. Осы санаттағы адамдарға көмек көрсетудің тиімді адрестік жүйесі оларға Еуропалық Одақ елдерідегідей өмір деңгейін қамтамасыз ете алады.

И. Экологиялық таза қоршаған орта. Біз ауыз судың жетіспеушілігінен, ауаның газдалуынан және өнеркәсіптік қалдықтардан жапа шекпеуіміз керек. Қазақстан экологиялық жағдайы ең жақсы елдердің қатарына кіруі қажет.

К. Жоғары деңгейлі мәдениет пен ғылым: мемлекет тек жағдай жасап қоймай, ғылыми және шығармашылық зиялылардан әлемдік деңгейдегі жетістіктер мен туындыларды күтеді.

Л. Дамыған қызмет көрсету саласы. Қазақстандықтар көлік, байланыс, телекоммуникация, демалыс және туризм салалары бойынша сапалы қызмет көрсету түрлерін пайдалануы тиіс - біз еуропалық елдер халқынан кем емес жағдайда жұмыс істеп, демалуымыз керек.

Қазақстан үлкен мүмкіндіктері бар гүлденген елге айналуы қажет. Онда:

- әр адам өзін қорғалған және қажеттімін деп сезінеді;
- мемлекет адамды басымдылық деп, инвестиция салатын ең тиімді нысаны деп есептейді;
- барлығы болашаққа сеніммен қарайды және келешектегі жоспарларын жасайды;
- барлығы бірге немесе жекелеп қоғамды дамытуға үлесін қосады.

Біз әлемдегі ең бай елдердің бірінде тұрамыз. Біз әр Қазақстандық азаматты дәулетті етуіміз керек және осыған қол жеткізе аламыз!

ИННОВАЦИЯЛАР, БІЛІМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЭКОНОМИКАСЫ

Серпінді даму үстіндегі еркін экономика - әлеуметтік мемлекеттің және өмір сапасының қазақстандық стандартының негізі болып табылады.

Еліміздің әрбір азаматына тек нарықтық экономикада өз орнын табудың ауқымды мүмкіндіктері ғана ұсынылып қоймай, сонымен бірге мемлекет оның бастамаларын іске асыруға ат салысады. Біз Қазақстанның дамуының жаңа, сапалы, барынша күрделі кезеңіне аяқ бастық. Ол ең алдымен еліміздің жаһандық бәсекелестікке дайындығына және БСҰ-ға кіруімен байланысты болмақ.

«Қазақстанда жасалған» маркасын әлем танып, мойындайтын болады. Еліміз тауарлар, қызметтер, еңбек ресурстары, капитал және қазіргі заман технологияларының әлемдік нарығының ажырамас серпінді бөлігіне айналады.

Біз Ішкі жалпы өнім қуатының көлемін азайтуға, жалпы өнім берудің жоғарылауына, Қазақстан бизнесінің инновациялық белсенділігін сапалы арттыруға қол жеткіземіз.

Біз шикізаттық бағыт-бағдардан индустриалды экономикадан кейінгі сипаттағы экономиканы қалыптастыруға аяқ басып отырмыз. Мұнай химиясы, машина жасау, металлургия, құрылыс материалдарын өндірудің жоғарғы технологиялық саласында және тамақ өнеркәсібі өндірісі инновацияның негізгі басымдығына айналады.

Партия аймақтарды дамытудағы тепе-теңсіздіктер мен сәйкессіздіктерді жоюға қол жеткізетін болады. Жаңа озық қалалары аймақтық дамуда үлкен серпіліс жасайды және өнеркәсіптік аймақтарының негізіне айналады.

Біз ұмтылыс жасап отырған экономиканың инновациялық сипаты ішкі жалпы өнімнің ғылыми көлемін жоғарылату жөніндегі шаралармен тығыз байланысты болады, сондықтан біз инновациялық инфрақұрылым: технопарктер, технополистер, еркін экономикалық аймақтар мен бизнес инкубаторларын дамытуға ат салысатын боламыз.

Біз әлемдік инновациялық макротехнологияларды жасауға аяқ басу үшін нанотехнологиялар мен жаңа материалдар, биотехнологиялар, көмірсутегі және тау-кен металлургия секторларына арналған технологиялар, ядролық технологиялар мен жаңартылатын энергетика технологиялары, информатикалық және ғарыштық технологияларды жасау саласындағы ғылыми зерттеулерді қарқындатуымыз қажет.

Біз ғылыми зерттеу шығындарын ІЖӨ-дан 2 пайызға дейін көбейтуге қол жеткіземіз және қазақстандық инновациялық ірі компаниялардың дамуына қолдау көрсетеміз, оларға осы технологияларымен шетелдік нарыққа шығуға көмектесеміз.

Біз бизнес, ғылым мен білім арасындағы серіктестіктің қазақстандық моделін жасауға қол жеткіземіз.

Даму институттарының жоғарғы тиімділігіне, олардың мөлдірлігіне, өзара қарым-қатынасы мен бірін-бірі толықтырып отыруына қол жеткіземіз.

Қызмет көрсету экономикасын дамыту

Қазақстан шикізаттық типтегі экономикадан қызмет көрсету экономикасы моделіне сапалы қарқынды серпіліс жасауы қажет.

Қазақстан әлемге төмендегідей болып танылуы тиіс:

– халықаралық валюталық, несиелік және қаржылы операцияларды, құнды қағаздармен, алтынмен мәмілелерді жүзеге асыратын халықаралық банктер мен мамандандырылған қаржы-несие институттардың шоғырландырылған орын - Еуразия жүрегінде орналасқан әлемдік қаржы орталығы;

– Еуропа мен Азия тоғысындағы бірегей туристік қызмет көрсету орталығы;

– дамыған инфрақұрылымы бар көліктік-логистикалық орталық;

– АҚШ, Еуропа және Азияның халықаралық ірі университеттерінің филиалдары шоғырланған білім беру және ғылыми орталығы.

Инфрақұрылымды дамыту

Қазақстан дамыған көліктік және телекоммуникациялық өнеркәсібі бар елге айналуы тиіс.

Біздің байтақ жеріміздегі аймақтарымыз көптеген автомобиль және темір жол магистральдарымен жалғастырылған жағдайда ғана бәсекеде басымдық таныта алады. Сонда ғана біз Қытай, Ресей және Еуропа арасындағы стратегиялық көпірге айналып, тасымалдың барлық пайдаларын көретін боламыз.

Біз барлық экономика саласында озат телекоммуникациялық технологияларды енгізуге ұмтылуымыз қажет. Еліміздің барлық аймақтарын бірыңғай ақпараттық кеңістікке біріктіре отырып, сондай-ақ, байланыс пен интернетті қол жетімді ете отырып, оның дамуына қуатты серпіліс береміз.

Агроөнеркәсіптік саясат

Партия еліміздегі агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытуды, оның қайта өңдеу базасын, сату қауіпсіздігін күшейтуді және еліміздің өзіндік жеткіліктігін, ветеринарлық және фитосанитарлық жағдайына көңіл бөледі.

Біз алдымызға ауылшаруашылығының өндіріс деңгейін арттыру, жердің құнарлығының нашарлауына жол бермеу, су және өзге де табиғи ресурстарды тиімді пайдалану міндетін қоямыз.

Біз ауылшаруашылық өндірісті жаңартуымыз қажет, ғылым және техниканың осы заманғы түрін енгізу негізінде оның техникалық және технологиялық артта қалулығын жоюымыз керек.

Біз фермерлік, қожалық шаруашылықты дамытуға және көтермелеуге, олардың құқықтарын қорғауға қол жеткізуіміз қажет. Біз ауыл өндірісін сақтандыру жүйесін жетілдіруге қол жеткіземіз және фермерлер үшін оны барынша тиімді жасаймыз.

Біз мемлекеттік сатып алу, аграрлық биржалар және өндіруші үшін тиімді жағдайда ауылшаруашылық тауарларын өткізуді ұйымдастыруға үкіметтің көмек көрсету шаралары бағдарламаларының кеңейтілуіне көңіл бөлеміз.

Біз ауылшаруашылық өнімінің әлемдік нарықтағы қазақстанның орнын айқындап, экспорттық мүмкіндігі бар қажетті бағытты дамытуымыз қажет. Жақын арада **астықты әлемдік экспортқа шығаратын бірінші бестікке кіруіміз** керек.

Сыртқы экономикалық қызмет

Біздің партиямыз қазақстандық тауар белгілерінің аумақтық және әлемдік нарыққа шығуын, олардың өндірісін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалуын және ілгерілеу стратегиясын жасауда.

«Нұр Отан» партиясы – Орталық Азия нарығын кең көлемде игеру қажеттілігін жақтайды. Біз Ресей, Қытай, Каспий және Қара теңіз аймақтарының тауарлар және қызмет көрсету нарығына Қазақстанның тұрақты қатысуына ұмтыламыз.

Біз Бүкіләлемдік сауда ұйымына Қазақстанның кіруі арқылы әлемдік экономикаға кіруі үшін елдің бірігуін және отандық кәсіптердің сапаны басқарудың халықаралық жүйесіне (TGM) ISO стандартына көшуін қолдаймыз.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

Біз жаһандық және аймақтық экономикада бәсекелестікпен (ойыншылар) отандық экономиканың алдында болатын **ұлттық көшбасшы компаниялар** құруды, нығайтуды және дамытуды жақтаймыз.

Осы стратегия **мемлекеттік - жеке меншік серіктестігінің** серпінді жобаларын жүзеге асыруды жөнге келтіреді. Корпоративті көшбасыларды құру негізінде экономиканың тиімді секторларында жаңа компаниялар қалыптастыру, Қазақстанда жұмыс істеуге шетелдік бизнесті тарту, оларға қолдау көрсету және қажет болса, жұмыс істеп жатқан өнеркәсіптерді қайта реттеу жолдары арқылы жүргізілуі қажет.

Корпоративтік көшбасшыларды құру процесін қажетінше ынталандырудан соң, мемлекет осы көшбасшылардың барлық қызметін нарық тәртібіне бағындыруы қажет, қолдау көрсету және мемлекет тарапынан көмек көрсету тиісті нарық құралдары формасында жасалуы тиіс.

Корпоративтік көшбасылар даму «катализаторы» ретінде жұмыс жасауы қажет. Олар өз бизнестерінің бәсекеге қабілеттілігін сапалы жоғарлатып, олар үшін экспорттық «тетіктерді» табуы керек. Сөйтіп олар Қазақстанды экономикалық дамудың «аймақтық локомотивіне» айналдырады, «қуып жетушілік даму» деп аталатын стратегия шектерін іске асыра отырып, дамыған елдердің арасында оны жаңа тұрақты позицияға шығарады.

Тиімді қор нарығын дамыту - еліміздің маңызды міндеттерінің бірі. Еліміздің табиғи ресурстарын пайдаланушы және экономиканың стратегиялық салаларда жұмыс істеуші ірі қазақстандық компаниялардың акционерлік капиталына әр азаматына еншілес мүмкіндігін туғызуға қол жеткіземіз.

Партиямыз мемлекеттің экономикалық саясатындағы басым бағыттардың біріне айналатын **шағын және орта бизнестің** серпінді дамуын, еліміздің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесін жоғарғы деңгейде қамтамасыз етуін қолдайды.

Ол үшін біз мыналарға қол жеткізетін боламыз:

- кәсіпкерліктің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, әкімшілік кедергілерді жою, мемлекет пен бизнес арасындағы өзара қатынаста бірыңғай стандарттар мен тетіктерді енгізу;

- әкімшілік шығындарды азайту мақсатында шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық салу жүйесін жетілдіру, оларды бақылау және тексеру жүйелерін жеңілдетуді құру;

- ұлттық қаржы-несие жүйесін оңтайландыру және шағын және орта бизнесті инвестициямен қолдау;

- меншіктік бизнеске қолдау көрсету инфрақұрылымын дамыту, шағын кәсіпкерлікті оқыту және ақпараттық қамтамасыз ету, шағын бизнеске технологиялар трансферті жүйесінің заңнамалық базасын құру;

- шағын және орта бизнес субъектілерін бақылаудың және тексерудің жеңілдетілген жүйесін құру.

Партия **ұлттық шикізат ресурстарын** басқарудағы мемлекеттің белсенді рөлін, мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлар арасындағы экономикалық өзара қатынастарды реттеудің нарықтық тетіктерін одан әрі нығайтуды жақтайды.

Индустралды-инновациялық дамудың мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру талап етіледі, дамудың мемлекеттік институттар жұмыстарының тиімдігін қамтамасыз ету.

Елді одан әрі демократияландыру - саяси, әлеуметтік және экономикалық дамудың маңызды ресурсы ретінде

«Нұр Отан» партиясы Көшбасшысы бастама көтерген 2007 жылғы Конституциялық реформаға еліміз егемендігін алған уақыттан бастап, біртіндеп келді.

Қазақстан қарқынды демократияландырудың шетелдік нұсқаларына салынған жоқ. Біз «алдымен экономика, содан соң саясат» қағидасын басшылыққа ала отырып, өзіндік дара жолмен жүрдік. Эволюциялық реформалардың бірізділігімен одан әрі саяси жаңару үшін экономикалық және әлеуметтік алғышарттар дайындалды, қазіргі заманға сай демократиялық институттар құрылып, нығайтылды, халықтың жаңа саяси мәдениеті қалыптастырылды, Қазақстанның тұрақты халықаралық ұстанымдары қамтамасыз етілді.

Конституцияға енгізілген өзгерістер қоғамда жинақталған оң өзгерістерді ғана емес, сонымен бірге оларға ары қарай даму шараларын жасауды орнықтыра түсуге арналған. Жүргізіліп жатқан **демократиялық өзгерістер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыра түсуі қажет**: еліміз экономикасының одан әрі серпінді дамуы және халықтың әл-ауқатының жақсаруы осыған байланысты болмақ.

«Нұр Отан» елімізде демократиялық қағидаларға негізделген қазіргі заманғы, тиімді және бәсекеге қабілетті саяси жүйені қалыптастыруды қолдайды.

Демократия – бұл өзіндік мақсат емес, стратегиялық міндеттерге қол жеткізудің тәсілі екендігін біз жақсы түсінеміз. Бұл мемлекетті жетілдірудің және қоғамды дамытудың ұдайы жүретін процесі.

Қазақстанда демократия саяси үдерістерге азаматтардың ауқымды қатысуы, биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі және заң ұлықтылығы принциптерінде құрылуы қажет екендігіне біздің көзіміз жетіп отыр.

Биліктің халық алдындағы жауапкершілігі мен оған есеп беруі тетіктерін күшейту еліміздегі саяси процеске мөлдірлік және бұқаралық сипат береді деп есептейміз.

Туындаған даулар мен қайшылықтарды жүйелі, өзара құрметпен, ымырашылдықпен шеше білу, біз үшін азаматтық мақсатқа айналуы тиіс екендігіне сенімдіміз.

* * *

Конституцияға енгізілетін түзетулер 2007 жылғы маусымда қабылданғаннан кейін **Қазақстанның, қоғамның және мемлекеттің саяси қайта құрылуының жаңа сапалы кезеңі келгені** туралы біз толық негізде сөз ете аламыз.

Бұл азаматтық қоғамның өкілдіктері және саяси міндеттерін күшейту жағына жасалған мәнді қозғалыс.

Басталған демократияландыру кезеңі еркін демократиялық қоғамды қарқынды дамытуға қызмет етеді. Ол **қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің жаңа теңгеріміне**, мемлекет құрылымында **шығындар мен қайшылықтардың жаңа жүйесін** қалыптастыруға жағдай жасайды.

Ең алдымен, азаматтық қоғамның саяси мүддесін негізгі білдірушісі болып табылатын **партиялардың** ролі кенеттен өзгеріп, олар Мәжілісте күш болады. Сайлауда біз өз дауысымызды партиялар ұсынатын белгілі бір тұлғаға емес, тіпті **елді дамыту бағдарламасына** да емес, олардың **уәделерін жүзеге асыру қабілетіне береміз.**

Азаматтық қоғамның бірегей институты **Қазақстан халықтары Ассамблеясының** маңызы арта түседі. Мемлекетімізде өмір сүріп жатқан барлық ұлттардың мүддесін жүзеге асыру жөніндегі қызметі тағы да бір басымдылық - көп ұлтты халықты біріктіру және бірыңғай азаматтық қоғамдастық пен бірыңғай қазақстандық ұлтты қалыптастырумен толықтырылады. Ассамблеяға конституциялық мәртебе беріледі және Парламенттегі өкілдігі қамтамасыз етіледі. Қазақстанның барлық ұлт өкілдерінің мүдделері саяси жаңа сапалы деңгейге аударылады және қоғамда ұлтаралық келісім нығайтылады.

Азаматтық қоғамда маңыздылықты құрайтын жергілікті өзін-өзі басқаруда іргелі өзгерістер орын алады. **Мәслихаттар жергілікті міндеттердің шешілуі үшін жергілікті тұрғандармен сайланады және негізгі жергілікті өзін-өзі басқарушы** өкілдігінің органдары болады.

Парламенттің өкілеттігін кеңейту

«Нұр Отан» партиясы еліміздің жоғарғы өкілдік және заң шығару органы, халықтың мүдделерін қорғайтын тетік - Парламенттің рөлін нығайтуды және қызметін кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Тепе-теңдік жүйесі бойынша сайлау негізінде Мәжілісті қалыптастырудың түбегейлі өзгерісін мемлекеттің қабылдайтын шешімдерге партиялардың ықпалын шұғыл күшейтеді. Бұл мемлекеттің тұтастай саяси жүйелерін дамытуға жаңа серпін береді, саяси бәсекелестікті қарқындатады, көппартиялық демократияны нығайта түседі.

Сайлауларда белсенді жұмыс жүргізіп, жеңістерге жете отырып, үкіметке де белсенді ықпал ететін боламыз. Парламенттік басымдықпен оның қалыптасу принципін іске асырамыз. Атқарушы билік қоғамдағы саяси артық көрушіліктердің нақты пайда болған теңгеріміне арқа сүйеп, сайлауда жеңіске жеткен партияның бағдарламасын жүзеге асыратын болады, ал парламент үкімет жұмысындағы жауапкершіліктің өз үлесін мойнына алатын болады.

Алайда Парламент өкілеттігін кеңейту **мемлекеттік әлеуметтік маңызды бағдарламаларды жүзеге асуының бақылауын күшейтумен** қатар жүргізілуі керек.

Партия Парламенттің азаматтық қоғам институттарымен өзара байланыс жасауын нығайта түсуін қолдайды. Қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіподақтар және азаматтар қабылданғанға дейінгі идеялар мен тұжырымдар әзірлеудің барлық кезеңдерінде заңнамалық шешімдердің қабылдануна ықпал ету мүмкіндіктерін алу тиіс.

Парламент Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық сарапшылар палатасы институттары одан әрі дамыуы тиіс.

Парламенттің көмекші қызметі мен органдары, оның қызметін сараптамалық-аналитикалық және ақпараттық қамтамасыз ету тетіктері ерекше дамуы қажет.

Біз, Парламент жанынан заңнама институтын құруды, «Электронды Парламент» бағдарламасын әзірлеп енгізуді қолдаймыз. Бұлардың барлығы іс жүзінде депутаттарымыздың заң шығару жұмысының сапасын қамтамасыз етуге арналған.

Партиялық жүйені дамыту

Икемді болып табылатын тепе-теңдік жүйе қоғамның сұраныстары мен мүддесіне іс жүзінде толық кескін береді. Бұл жүйе сайлаушылардың билікті бір деңгейдегі қолдауына ие барлық негізгі саяси күштердің Парламентке енуіне жағдай жасайды.

Парламенттік басым партияның ұсыныстары негізінде ел Үкіметінің қалыптасуы биліктің халыққа тәуелдігін күшейтудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Партиялар арасында бәсеке күшейеді, ұсынылған партиялар

бағдарламасының сапасы көтеріледі, жетекші партияның қызметіне қоғамдық бақылау үшін қосымша мүмкіндік берілетін болады.

«Нұр Отан» партиясы Мәжіліс саяси күрес алаңының негізіне айналуы керек деп есептейді.

Сондықтан біздің партия қуатты, әрекетшіл болуы тиіс, халықтың көпшілік қолдауына сүйеніп, нақты идеологиялық тұғырнамасы болуы тиіс және жауапкершілікті иелену қабілеті болуы қажет.

Заңнамалық процесті дайындау жұмысының үлкен бөлігі партиялардың парламенттік фракцияларына ауыстырылуы тиіс. Олар қарастырылып жатқан мәселелер бойынша нақты ұстанымдарын әзірлеп және саяси мақсаттарды іске асырудың негізгі құралына айналады.

Біздің партия өкілеттік билік тармағындағы қызметтерде партиялық факторды айтарлықтай күшейтуге бағытталған өзге де іс-шараларды іске асыруға қол жеткізуді көздеп отыр.

Біз саяси партияларға мемлекеттің қолдау көрсету шараларының, оның ішінде бюджеттік қаржыландыру тетіктері арқылы қолданылуын жақтаймыз.

Азаматтық қоғамды дамыту

Партия жаңа демократиялық даму кезеңінде барлық азаматтық қоғам институттарының белсенді дамуын жақтайды. Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуының 2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыруға біз белсенді араласамыз.

Үкіметтік емес ұйымдарды әлеуметтік қызметтерді іске асыруға кеңнен тартып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстармен қайырымдылық жүйесі аясында оларға қолдау көрсетілуіне ықпал жасайтын боламыз.

Азаматтық қоғамның маңызды институты БАҚ-ты дамытудағы негізгі міндет, медиялық орталық ашықтығы мен бәсекелестігі тетіктерін күшейту, журналистер құқықтарының сақталуына кепілдік беру деңгейін жоғарылату, БАҚ жауапкершілігін күшейту болып қала бермек. Партия азаматтардың ақпарат және сөз бостандығы құқықтарын қорғауға, мемлекеттің ақпараттық саясатын, сонымен қатар БАҚ қызметі саласын ретке келтіруші заңнаманың жетілдірілуіне қол жеткізетін болады.

Партиямыздың қызметі мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам институттар арасындағы әлеуметтік серіктестікті ынталандыруға бағытталады.

Азаматтық қоғам институттарын дамыту мәселелерін ретке келтіруші халықаралық келісімдерге Қазақстанның қосылуына жағдай жасайтын жұмыстарды жалғастырамыз.

Азаматтық қоғам институттарының ролін қоғамдық маңызды міндеттерді шешуде ғана емес, сонымен бірге еліміздің жалпы саяси өмірінде жоғарылатуды жақтаймыз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту

Партия мәслихаттарға қосымша өкілеттіктер беру жолымен нығайта түсуге қол жеткізеді.

Біз – мәслихаттардың біртіндеп жергілікті өзін-өзі басқару органына айналуын қолдаймыз. Бұл құбылыс елімізде жергілікті өзін-өзі басқару институтын қалыптастырудың бүгінгі жағдайдағы нақты ең қолайлы тәсілі екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Мәслихаттарды нығайта отырып, біз халық өмірінің демократиялық тәртібінің негізін нығайта түсеміз. Жергілікті өзін-өзі басқару – бұл нағыз тікелей, жанды халықтық демократия.

Мемлекеттік әкімшіліктендірудің қазіргі жүйесі

Біз халық мүддесі үшін қызмет етіп, оны қорғайтын мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыруды қолдаймыз.

Әкімшілік жүйесі толығымен қатардағы адамға бет бұруы қажет. Ол мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғарылатып, адамдар үшін барынша қолайлылық тудыруы тиіс. Азаматтар мемлекеттік органдар жұмысын нақты бір көрсеткіштер бойынша көріп, олар елді дамыту қарқынымен тиімділігіне нақты қалай ықпал етіп отырғандығына баға беру мүмкіндіктеріне ие болуы қажет. Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарды, олардың адамгершілік бейнесіне, біліміне талапты күшейту لازым. Шенеуніктердің өтемдік жасау мүмкіндіктері барынша жойылуы қажет.

Партия «Электрондық Үкімет» жүйесінің жедел дамуын қолдайды. Осы арқылы ғана біздер азаматтардың өтініштері мен шағымдарын тез қарауға, бюрократияны және сөзбұйдалықты жоюға қол жеткізіміз.

Атқарушы билік органдарының ақпараттық мөлдірлігі қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл үшін қоғамдық маңызды шешімдерді көпшілікпен талқылау тетіктері кеңінен және шешім қабылдағанға дейін азаматтық қоғам құрылымдары кеңеске қатыстырылуы қажет.

Билікті орталықсыздандыру процесін аяқтап, мемлекеттік қызметтердің бірқатарын жергілікті деңгейге беру қажет.

Біз жыл сайынғы әкімдердің есеп беру үдерістерін жетілдіру жағындамыз. Оларға жарты жыл немесе тоқсан сайын тиісті жүйелі сипат берілсін. Есеп беру науқанының аясында саяси партиялардың, ҮЕҰ, сондай ақ жергілікті азаматтық қауымдастықтардың әкімдердің қызметіне жасаған мониторингісінің нәтижесі ескерілуі қажет.

Біз аймақтардың дамуы үшін әкімдер қызметінің тиімділігін бағалауға шақыратын, әкімдердің рейтингтері мен стандартты индикаторларын уақыт күттірмей енгізуді жақтаймыз.

Соттық-құқықтық жүйе

Партия әділ сот пен құқық қорғау органдарының жүйесін жетілдіру жөніндегі заң қабылдау және азаматтардың кепілденген сот қорғауын және білікті заң көмегін күшейту жаңашылдығын қолдайды.

Біздің қызметіміз азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталады. Халықтың құқықтық ішкі тетіктерін қорғауды нығайту және азаматтар өздерінің құқықтарын қорғау үшін халықаралық ұйымдарға және соттарға өтініш жасауға мүмкіндіктері болуы тиіс.

Біз куәгерлерді және басқа да қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау бойынша арнайы қызметті құруды және қалыптастыруды жақтаймыз.

Партия бүгіндері дамыған және демократиялық мемлекеттердің көпшілігінде бар қазіргі сот өндірісіне көшу үшін заңнамалық бастамалар жасауды одан әрі жалғастырады.

Біз сот өндірісіндегі тараптардың тең құқықтығымен дау қабілеттігін жақтаймыз. Бұл адвокаттардың мәртебесін жоғарылатады.

Сайлау тетіктерін жетілдіру

Партия сайлау тетіктерін одан әрі жетілдіруді жақтайды. Барлық әрекеттер елімізде сайлаулардың әділ, ашық және бәсекелесті өтуіне бағытталуы керек. Бұл сайлауларда барлығы сайлаушылардың еркі ризашылығына байланысты болмақ.

Біз сайлау процестерінің ашықтығы мен әділдігін, дауыс беру барысына және қорытындыларына кеңінен қоғамдық бақылау жасауды қолдаймыз.

Біздің партия елімізде тепе-теңдік сайлау жүйесін дамытуды және оны еліміздің кейінгі мәслихаттар сайлаулары барысында пайдалануды қолдайды.

Жемқорлықпен күрес

Біз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басымдығын, осы дерттің дамуына ықпал жасаушы себептері мен алғышарттарын жоюды ұстанамыз.

Партия мемлекеттік ресурстарды үлестіруде бақылаудың аздығы, мемлекеттік органдардың рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырудағы бірқатар кемшіліктері негізгі себептер деп қарайды. Мемлекеттік және қоғамдық органдар салаларында кең көлемді жемқорлықтың көрініс беруіне нақты әдістеріне ерекше назар аудару қажет. Бұл кеден, салық саласы, әлеуметтік және муниципалді тұрғын үй бөлу, лицензиялар беру, мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар құралдарын үлестіру.

Біз жемқорлыққа қарсы бағыттар бойынша күресетін боламыз. Бұл ретте біз өкілетті билік органдарын осы күреске кеңінен жұмылдыруға қол жеткізетін боламыз.

Партия халықаралық рейтинг жүйесімен қарулану, халықаралық институттар, отандық үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар және мемлекеттік органдармен ынтымақтастықпен жұмыс жасауды көздеуде.

Бәсекеге қабілетті азаматтар – Қазақстанның болашағы

Әлемдік нарықта Қазақстанның қазіргі уақыт жағдайында басымдық негізгі бәсекесі жоғарғы білікті, шапшаң әрекет ететін адамдық капитал болуы қажет. **Атап айтқанда, елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіші - халық өмірінің жоғары деңгейі мен сапасы болып табылады.**

Сондықтан елді дамытудың жаңа кезеңінде халықтың әлеуметтік жағдайын ауқымды жақсартудан басталып отыр. Қоғамдағы барлық бөліктердің өмір деңгейін жақсарту арқылы одан әрі ілгерілеу жолына түсеміз.

Партия бәсекеге қабілетті адам капиталын дамытуға бюджеттік ресурстарды топтауды қамтамасыз етеді. Біздің мақсатымыз әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті ғылым, басқару, инженерлік-техникалық элиталық жаңа формацияларды құру болып табылады.

Біз Қазақстан халқының тұрақты қосымша ақша қаражаттарының көздерін иемдену мүмкіндіктері – құнды қағаздарды басқарудан инвестициялық кіріс түсіру: акциялар, облигациялар ренттік кіріске ие болуына күшімізді саламыз.

Қазақстандықтардың лайықты тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, тұрақты кірісінің болуы, сапалы білім алуы, медициналық көмек алуы, демалысқа және туристік қызметтерге қаражат жұмсауы және лайықты қарттықпен қамтамасыз етілуі қажет.

Партия еліміздің әлеуметтік салада өзінің азаматтары үшін өмір сапасының Қазақстандық стандартын қамтамасыз ететініне сенімді.

Еңбек қатынастарының стандарты

Осы саладағы партияның негізгі міндеттері әлеуметтік серіктестік жүйесі, еңбек қатынастарын жетілдіру, сонымен қатар еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту бойынша іс-шараларды бірізді жүзеге асыру негізінде жұмысшылар мен жұмыс берушілердің және мемлекет мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу болып табылады. Партия кәсіподақтарды еңбекшілердің заңды мүддесін қорғаудағы өзінің серіктесі деп біледі. Біз еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік қорларды жаңарту және қазіргі уақыттың технологияларын енгізу негізінде ары қарай жалақының өсуін жақтаймыз.

Партия төмендегілерге қол жеткізетін болады:

– өркениетті еңбек нарқын тиімді құру және елдегі жұмыссыздықты барынша азайту;

– ең аз тұтыну қалтасының құрылымы мен құрамын қайта қарау, ал оның көлемін адамның физиологиялық өмір сүруі үшін емес жұмыс күші өндірісінің ауқымдылығын қамтамасыз ету үшін көбейту;

- ең аз жалақы деңгейін тұтыну қалтасының ең аз көлемінен екі есеге дейін көбейту;
- зейнетақының орташа көлемін жинақталған бөлігінің есебімен көтеру және базалық зейнетақы төлеуді орташа орта еңбекақысының 60 пайыздан кем емес көлемге дейін көтеруге қол жеткізу;
- отандық заңнамаға Халықаралық еңбек ұйымдары конвенциясының принциптерін енгізу;
- ең алдымен шетелдіктердің қатысуымен еңбек жағдайы ауыр және қауіпті барлық кәсіпорындарда кәсіби кәсіподақтар құру;
- жеке және ұжымдық еңбек шарттарының рөлін күшейту жолымен еңбек қатынастарын жетілдіру;
- Қазақстан өнеркәсіптерінде еңбек қорғау нормаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту;

Білім беру стандарты

Біз білім беру және мамандарды қайта даярлау жүйесін дамытуға, оны әлемдік стандарттарға жақындатуға ұмтылуымыз қажет. Болашағымыздың негізгі кепілі - мемлекеттік білім беру инвестициялары. «Нұр Отан» партиясы **мемлекеттік білім беру шығындарын 5-7 пайызға жалпы ішкі өнімнің деңгейіне дейін жеткізуін жақтайды.**

Партия мектепке дейінгі ұйымдар желісін лайықты дамыту және оның ақысыз негізге алмасуын, кәсіби-техникалық білім беру жүйелерінің қайта дамуын қолдайды. Заңдылық деңгейде ауыл мұғалімдерін әлеуметтік қорғау бойынша төлемнің көлемін көбейту қажет, ауыл мектебін бітірушілерге мемлекеттік грант және несиелемен жоғарғы оқу орындарына түсу үшін квоталар көбейтілуі керек.

Жалпы елімізде мұғалімдер және профессорлық-оқытушылық құрамының еңбек және материалдық жағдайы жақсы болуы тиіс. Мұғалім мамандығы қайтадан құрметті болуы қажет.

Қазақстандық білім беру жүйесінде оқытушылық сапасын жоғарылату мақсатында біз оқу мекемелерін халықаралық стандарттар деңгейінде аккредитациялау жүйесін енгізуді жақтаймыз.

Денсаулық стандарты

Біз әлемдік стандартқа сай қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйелерін құруға, сонымен қатар денсаулық сақтауға мемлекеттік шығындарды үнемі ЖІӨ 4 пайызға көтеруге қол жеткізетін боламыз.

Партия – денсаулық сақтауды мөлшерден тыс коммерцияға, бюджеттің бөлінуі және ақылы медицинаға қарсы және ақысыз медициналық қызметтің кепілдік көлемі шегінде көрсетілетін қызметтер түрін кеңейтуді, халықтың әлеуметтік жағдайы төмен тобын дәрі-дәрімекпен ақысыз қамтамасыз етуді қолдайды.

Балалар мен аналардың өлімі, туберкулез ауыруының деңгейін және СПИД ауыруының өсу қарқынын қысқарту бойынша түбегейлі шаралар қолдану қажет.

Біз санитарлық инфрақұрылымды жақсарту мәселелеріне және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге ерекше назар аударатын боламыз. Партия өмір сүру ортасын сауықтырудың Ұлттық бағдарламасын жасауды және енгізуді жақтайды.

Біз халыққа қол жетімді медициналық қызмет көрсету, медициналық сақтандырудың бәсекелес нарығын дамытуға мүмкіндік туғызатын боламыз. Сырқаттарды ерте айқындау және ескеруді жоғарғы технологиялық медициналық орталықтарын жүйелік негізде құру маңызды.

Ұлт денсаулығы қоршаған орта мен және салауатты өмір салтын қалыптастыру жағдайына тікелей байланысты. Сондықтан біз экологиялық өндірісті жаппай дене шынықтыру мен спортты дамытуды, темекі шегу, алкоголь және нашакорлықпен қатаң күрес жүргізуді қолдаймыз.

Біз мына принциптер қазіргі денсаулық сақтау жүйесінің негізінде болуы керек деп есептейміз: адамдар мен жұмыс берушінің және өзінің денсаулығын қамтамасыз етудің ынтымақтас жауапкершілігі; мемлекеттік және жеке меншік медициналық қызмет көрсетуді үйлестіру; халықтың барлық бөлігі үшін білікті медициналық көмектің қолжетімділігі; аурудың алдын алу басымдығы; емдеу нәтижелерінің тиімділігі.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету стандарты

Біз халықтың барлық бөлігі үшін баспананың сапалы қолжетімді болуын жақтаймыз. Халықтың басым бөлігінің табыстарын ескере отырып, баспана сатып алу үшін немесе құрылыс үшін ипотекалық және несиелеудің басқа да формалары мен әлеуметтік тұрғын үй салымдарының жүйесі жетілдірілуі қажет.

Әлеуметтік тұрғын үй және жалға алу кешендер құрылыс көлемдерін көбейту, оларды бөлуде қоғамдық бақылау қамтамасыз етілу және жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға көмек көрсету қажет.

Партия құрылыс сапасын нығайту және құрылыс объектілеріне қызмет көрсету мәселелеріне аса маңызды деп санайды. Ескі және апатты жағдайдағы ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізу және апаттық жөндеулерден жоспарлы-ескерту жұмыстарына өту бойынша бағдарламалар орындау талап етіледі.

Біз қозғалмайтын мүлік операциялары саласындағы әкімшілік және заңдылық талаптарын оңтайландыру, жер телімдерін рәсімдеу бойынша процедурасын және оны беру процедурасының ашықтығын оңтайландыруды жақтаймыз.

Қозғалмайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу құқығын және олармен мәміле, сонымен қатар қозғалмайтын мүлік бағаларының әдістемелік тиімділігін жасау жүйесін жетілдірудің уақыты келді.

Дербес тұрғын мәселелерін шешуге мүмкіндігі жоқ аз қамтылған отбасылар үшін қор құру талап етіледі. Партия көп балалы және жас отбасылар, жалғыз

басты аналар үшін пайызсыз несиені енгізуді және бір немесе одан артық бала туған жағдайда несиенің бөлігін кезең-кезеңмен жабу ұсынады.

Әлеуметтік қамсыздандыру стандарты

Біздің міндетіміз - көп деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру. Мемлекеттің бюджет есебінен төленетін әлеуметтік төлемдермен қатар ол жинақтық зейнетақы мен сақтандыру қорларынан әлеуметтік төлемдерді және мемлекеттік және еріктілер қоса сақтандырудың барлық түрлерін кеңінен пайдалануды қарастыратын болады.

Партия әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ету жүйесіне жеке меншік секторларды тарту үшін заңдылық жағдайларына барынша қолайлылық жасауға көмек беретін болады.

Біз кедейлікті қысқартуға қол жеткізетін боламыз, егер мемлекеттік әлеуметтік қолдау мақсаттық және мекен-жайлық сипатқа ие болса, ол тиімді болады деген ұстанымды қолдаймыз. Мемлекет нақты көмекті қажет ететіндерді, яғни балаларды, көп балалы аналарды, ардагерлерді және мүгедектерді қолдауға міндетті.

«Нұр Отан» партиясы зейнетақы көлемін бірізді көбейту, қарттықты қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамытып, жетілдіруді жақтайды. Мемлекет адамдардың жасы ұлғайған шағында материалдық қажеттілікті бастан өткермеу үшін барлық күш-жігерлерін салуы қажет.

Біз - жекелеген санаттағы мәдениет қызметкерлері, ауыр және қауіпті өндірістегі қызметкерлер үшін зейнет жасын кезең-кезеңмен қысқартуды жақтаймыз.

Біз ауыл халқының әл-ауқат деңгейінің өсуіне ат салысуымыз қажет – ауылдағылар дәулетті өмір сүруі тиіс, олардың өмір жағдайы қалалықтардан айырмашылығы болмауы керек. Қазақстан ауылдары су, байланыс және газбен қамтамасыз етуде қиындықтарды көрмеуі қажет.

Әйелдерге қамқорлық

Партия Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде әйелдер мүддесін бірізді және принципті түрде қорғайды.

Мыналарды іске асыру қажет деп есептейміз:

–гендерлік теңсіздік стратегиясын іске асыруға белсенді қатысу және қызметтердің барлық салаларында жыныс бойынша кемсітуді жою;

–атқарушы және заң шығарушы билік органдарында әйелдер өкілдіктерін кеңейту;

– әйелдердің еңбек құқықтарын қорғауды жетілдіру және олардың қызметтік сатыда өсу үшін жағдай жасау; әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және күшейту;

- отбасы институтын күшейту, отбасыларды қолдау жүйесінің орталықтарын құру;
- алимент төлеуден бас тарту жауапкершілігін заңнамалық түрде қатайту;
- аяғы ауыр немесе баланы үш жасқа жеткенге дейін күтуде ең аз жалақы деңгейінен төмен емес ай сайынғы мемлекеттік жәрдем ақы төлеуді енгізу;
- әйелдердің қоғамдық бірлестіктері мен мемлекеттік емес ұйымдарының қызметіне қолдауды көрсетуді күшейту.

Жастар – еліміздің болашағы

Партия жастарға елімізді дамытудың маңызды стратегиялық ресурстарының бірі ретінде қарайды және олардың саяси өмірге белсенді қатысуына мүдделі. Партияның «Жас Отан» Жастар қанаты еліміздің өмірінде саяси және әлеуметтік-экономикалық негізгі бағыттары бойынша және жастар бастамаларын алға жылжыту орталығы болып табылады.

Мыналарды іске асыру қажет деп есептейміз:

- бюджеттен қаржыландыру мен қамтамасыз етілетін «Жастар саясаты туралы» заңды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу және қабылдау;
- әлеуметтік жастар инфрақұрылымдармен (аула клубтары, спорт залдары, стадиондар, фитнес-орталықтары және жастардың өзге де демалыс нысандары) қамтамасыз етудің мемлекеттік стандарттарын әзірлеп, қабылдау және соларға сәйкес инфрақұрылымдар құрылысы бойынша мемлекеттік және аймақтық инвестициялық бағдарламалар дайындау;
- жастардың кәсіпкерлігін қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу;
- белсенді жас азаматтарды мемлекеттік қызметке іріктеу, оқыту және өсіру арқылы, үкіметтік емес жастар ұйымдарының қызметіне қолдау көрсету арқылы мемлекетті басқаруға жастардың қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- мемлекеттік гранттар есебінен оқитындар үшін мемлекеттік үлестіру жүйесін енгізу және кепілденген әлеуметтік пакет (әлеуметтік немесе ипотекалық баспана, көтермелеу қаражаты т.б.) берілетін жас мамандардың мәртебесін заңнамалық тұрғыда айқындау;
- жас мамандардың бір немесе одан артық бала тууына байланысты тұрғын тұрғын үй несиелерін өтеу үшін оларға мемлекеттік дотациялар беру;
- жастар мен жасөспірімдер арасында есірткі мен алкогольді таратуды алдын алуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды қатаң бақылауға алу.

Спорт және салауатты өмір салты

Партия отандық спортқа қаржы жұмсауды айтарлықтай арттыруға, оның инфрақұрылымын дамытуға және халық арасында спорттық салауатты өмірді салтын қалыптастыруға қол жеткізетін болады.

Қазақстанның әлемдегі беделі – тек қуатты экономика, демократиялық саясат емес, Олимпиада ойындарында, әлем чемпионаттарында және басқа да жарыстардағы ірі спорттық табыстар.

Ұлттық мәдени өзіндік ерекшеліктер негізінен - ақпараттық қоғамға

Біз ұлттық мәдени ерекшеліктер қағидасын Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдерінің қатарына кіруінің негізгі элементі ретінде жар саламыз. Қазақстан халқының бай тарихы мәдени өзіндік ерекшелігі қарқынды ғарыштану әлеміндегі біздің берік негізімізге айналуы тиіс. Қазақстанның дамуының жаңа кезеңінде қоғамның рухани жай-күйі үлкен рөл атқарады.

Мәдениет деңгейін көтеру

Партия қоғамның барлық мүшелерінің мәдени құндылықтарға кіруі өмір сапасының жоғарғы стандартының бірден-бір шарты болу, ал мәдениеттің өзі еңбектің қосымша саласының аса беделді қатарына кіруі қажет деп есептейді. Ол негізгі күш болып, қоғамға ұлттық рухани дамудың идеяларын ұсынуы және жүзеге асыруы тиіс. Мәдениет, өнер және әдебиет қоғам жағдайының мінез-құлқын сауықтыруға қызмет көрсетуі қажет.

Біз халықтың сезімі мен жоғары тарихи адалдықтың идеяларын түсіне отырып, қазақ елінің ұлттық түпкілікті болмыстарын қайта жандандыруға ұмтылуын қолдаймыз. Сонымен қатар Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлттар өкілдерінің тілдері мен мәдениеттерін сақтауға және дамытуға қазақ елі ерекше адамгершілік және тарихи жауапкершілікті атқаратынын атап өтеміз.

Партия халықты мәдени саласымен қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін қазіргі заманмен үнемі дамып отыратын және тұрақты жұмыс жасайтын жүйені құруға қол жеткізетін болады. Мәдениеттің инфрақұрылымдары халықаралық қалыптар мен ережелерге сәйкес қайта құрылуы және мәдениет саласындағы қызметтерге инвестицияны жандандыру үшін жағдай туғызуы қажет. Біз мемлекеттік мәдени тапсырыстарды кеңейту арқылы шығармашылық зиялыларға көрсетілетін қолдауды күшейтуге шақырамыз.

Біз дамыған елдердің ақпараттық қатарына жарып кіру үшін Қазақстанды **ақпараттық қоғамға жасақтап** өтуге ұзақ мерзімді Стратегиясын әзірлеуді бастау қажет деп ойлаймыз.

Партия Қазақстанның аумағындағы материалдық және рухани ескерткіштерді сақтау үшін бар күшін салады.

Біз мәдениет қызметкерлерін әлеуметтік қорғау тиімділігін, болашағынан үміт күттірер мәдениет пен өнердің жас қайраткерлерін мемлекеттік қолдау және экономикалық отандық жебеушілік стимулдарды енгізуді жақтаймыз.

Этносаралық келісім құндылықтары

Елімізде түрлі ұлт өкілдері бірге өмір сүреді. Этносаралық келісім еліміздің маңызды табысы және оны қадірлеуіміз қажет. Әр азамат өзінің әлеуметтік тегіне қарамастан біздің мемлекет пен қоғам үшін құнды. Біз біріге отырып, еліміздің болашағын жасаймыз және егеменді, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен жағдайының жақсаруына өз үлесімізді қосамыз.

Барлық этнос топтарының мәдениет аясында өзара бірігу әрекеттеріне, мемлекеттің азаматтары барлық ұлыстар қоғамының мәдени жетістіктерін жинақтап, олардың ұлттық әдеп-ғұрыптарына, фольклорына және Қазақстанның халықтары ұлттық мәдени орталықтарына қолдауды күшейту қажет.

Партиямыз ел өмірінде Қазақстан халқының Ассамблеясының рөлін күшейтілуін қолдайды. Оның әлеуеті қоғамымызда ұлттықаралық бейбітшілік пен келісімді нығайта алады және осы үшін қызмет етуі керек деп санаймыз.

Мемлекеттік тілді дамыту

Партия қазақ тілі қазақстандық қоғамның ауызбірлігінің факторына, ортақ үйімізде тұратындардың достық, өмірлік ынтымақтастығының белгісі ретінде табиғи қажеттілігіне айналуы керек деген қағиданы ұстанады. Қуатты және бәсекеге қабілетті қазақ тілі өзінің әлеуметтік қызметі мен қолданыс ауқымын біртіндеп кеңейтуі тиіс. Партия қазақ тілін жетілдіру мен енгізуге және оны үйренуді жастайынан бастау қажет екендігі туралы мәселелерге жіті назар аударады.

Үш тілдің бірлігі

Партия Қазақстанда үш тілділік идеясын дамытуды қолдайды. Біздің өмірімізге қазақ және орыс тілдерімен бірге ағылшын тілі кіруі қажет.

Тілдік саясатта біз қарапайым формулаға сүйенеміз: қазақ тілін дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз, ағылшын тілін үйренеміз.

Қазақстан –көп түрлі діндер елі

Партияның ұстанымы - діни бостандық пен дінаралық қатынасты қолдау.

Партия діндердің ғаламдық диалогын қолдайды. Бұған Қазақстан тарабынан Әлемдік көшбасшылар және дәстүрлі діндер съезінің аясында үлес қосылуда. Бейбітшілік үшін жасалған бастамалар ретіндегі сыртқы саяси маңыздылықтан

басқа ол Қазақстанда дінаралық қатынастардың үйлесіміне, конфессиялардың өз діни орталықтарымен рухани байланыс жасауына жағдай жасайды.

Қазақстандықтардың отансүйгіштігі

Отансүйгіштіктің жоғарғы деңгейі Қазақстандықтардың ерекше сипатына айналуы тиіс. Барлық қоғамдық салалардың даму өлшемі ретінде қарау қажет деп санаймыз. Экономикада – отандық өндірісті қолдау, ал әлеуметтік салада - өмір сапасы стандарттарын әлемдік деңгейге дейін нығайту, саясатта – өзіміздің ұлттық-мәдени ерекшеліктерімізді ескере отырып жасалған қазіргі заманғы саяси жүйе.

Біз, азаматтар арасында бірлікке ұмтылуға және өзінің Отанына деген адалдықты тәрбиелеу үшін барлық күш-жігерімізді беруді көздейміз. Бұл қазіргі заман қауіп-қатерлерінің алдында бізді күшейте түседі.

Бейбітшілік пен гүлдену кезеңінде өмір сүру

Партия ішкі саяси шешімдерді қабылдау үдерістеріне белсенді ықпал етуге бел буып отыр. Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеті еліміздің дамуы үшін оңтайлы сыртқы саяси жағдайларды жасауға бағытталған тиімді және белсенді сыртқы саясат жүргізуге апарады. Мемлекетіміздің гүлденуі тұрақты және даму үстіндегі жағдайда ғана мүмкін екендігін толық біз түсінеміз.

Ұлттық қауіпсіздік және сыртқы саясат

Қазақстанның одан әрі дамуы мен азаматтарының әл-ауқатының негізгі шарттары ұлттық қауіпсіздік және егемендік болып табылады. Біздің мемлекетіміз қазіргі заманғы қауіп-қатерлер: халықаралық терроризм, діни лаңкестік, есірткі саудасы, заңсыз көшіп-қонуға барынша әрекет етуі тиіс. Партия көршілес мемлекеттер мен әлемнің жетекші ірі елдерімен өзара тиімді ынтымақтастыққа және тұрақтылық, серіктестік қатынастарға негізделген көпсалалы саясатты қолдайды.

Қазақстанның сыртқы саясаты өзіндік ұлттық мүдделер негізінде қалыптасып, одан әрі экономикалық, саяси даму үшін қолайлы сыртқы орта қалыптастыруға бағытталуы тиіс, сондай-ақ, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен халықаралық беделін қамтамасыз етуі қажет. Теңдік және өзара тиімділік, халықаралық құқық нормаларының мүлтіксіз сақталуы жағдайында партия барлық елдермен және халықаралық ұйымдармен табысты өзара қатынас жасауды жақтайды.

Біз Қазақстанның Ресеймен одақтастық қатынасты, ҚХР-мен көршілестік ынтымақтастықты, Орталық Азия елдерімен достық және ынтымақтастық қатынастардың дамуына ұмтылатын боламыз. Қазақстан АҚШ-тың стратегиялық серіктесі болып қала беруі және Еуропалық одақпен жан-жақты ынтымақтастығын

нығайта түсуі керек. Азиялық континенттік мұсылман әлемі елдерімен өзіміздің өзара қатынастарымызды серпінді дамыта түскені дұрыс.

Бұл бағыттарда өзіміздің серіктестерімізбен тиімді экономикалық өзара әрекет етудің жаңа формалары және Қазақстан Орталық Азия, сондай-ақ, жалпы әлем қауіпсіздігіне төнген қатерлерге қарсы әрекеттердің жаңа сапалы әдістерін іздеу қажет. Біз халықаралық құрылымдарының реформалану қажеттігін, олардың осы заманғы геосаяси және геэкономикалық жағдайларға бейімделуін жақтаймыз.

«Жанжал» және «қақтығыстар» концепциясын біз «кездесулер» және «өркениет диалогы» идеясына қарсы қоямыз. Бірігу процесін біз Қазақстанның сыртқы саясатының басыңқы бағыттары ретінде танымыз.

Қазіргі заманның әскері

Партия соғысқа қабілетті қазіргі заманғы әскерде жатқан бейбіт сыртқы саясат пен қорғаныс қуатының теңгерілген үйлесімін елдің ұлттық қауіпсіздігінің негізі деп есептейді. Біз еліміздің қорғаныс қабілетін нығайта түсуді және оның шекарасының бұзылмауын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалауды қолдаймыз.

Партия мыналарды іске асыруды қажет деп есептейді:

- Осы заманғы әскери техникамен жабдықталған, кәсіби әскерге көшу;
- ҚР Қарулы күштерінің кәсіби және соғысқа дайындық деңгейін үнемі жоғарылатып отыру;
- әскери қызметкерлердің жалақы және әлеуметтік сақтандыру деңгейін жоғарылату;
- әскери қызметкерлер мен запасқа шығарылғандар үшін тұрғын үй мәселесін шешу;
- әскери қызметкерлерді азаматтық өмірге бейімдеу жүйесін дамыту, қызметін өтеу барысында жарақат алып немесе мерткікен әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету;
- Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және жергілікті соғысқа қатысқандар үшін әлеуметтік төлемдердің көлемін көбейту жеңілдіктер беру;
- баламалы қызмет өтеудің тиісті заңнамасын әзірлеу және «дедовщинаны» жою.

Тек қана алға, тек қана бірге

Біз өз алдымызға ұлы мақсаттар қойып отырмыз, өйткені билік партиясымыз. Еліміздің болашағы үшін жауапты екендігімізді және Отан игілігіне қызмет ететіндігімізді біз дәлелдедік.

Осы бағдарламаны ұсына отырып, Қазақстанды гүлдендіру идеясын, еркіндік, әлеуметтік әділеттік және бірлік принциптерін басшылыққа аламыз.

Біздің идеалдарымыз бен құндылықтарымызды Қазақстандықтардың басым бөлігі қолдайтындығына сенеміз.

Қазақстандық қоғам Республикамыздың Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың белгілеп берген ілгерлеушілік жолынан таймайтындығына сенеміз.

Сайлауларда өз кандидаттарымызды ұсына отырып, өзіміздің парламенттік фракциямыз арқылы заң шығару қызметіне белсенді араласа отырып, атқарушы билік органдарында шешімдердің қабылдануына ықпал ете отырып, өз ұстанымдарымызды бұқаралық ақпарат құралдарында жақтап және түсіндіре отырып, саяси қызметтерге қатысу жолымен өз міндеттерімізді іске асыруды жалғастыруға бел буып отырмыз. Біз еліміздің аймақтарында белсенді жұмыс жүргізетін боламыз. Жергілікті жерлердегі партиялық жұмыстардың белсенділігі үшін қолда бар тетіктердің барлығын қолданатын боламыз.

Қойылған мақсаттарға қол жету үшін қажеттінің бәрі біздің қолымызда. Олар: интеллектуальдық, экономикалық, ғылыми әлеует, саяси қызметтің мол тәжірибесі, таңдалған жолдағы табандылық, ерік және сенімділік!

Қоғамымыздың барлық құрылымдық күштерін алуан түрлі және ілгерішіл азаматтық бастамалардың көзі болуға шақырамыз.

«Нұр Отан» – партиясы жасампаздық пен алға басу партиясы, азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім партиясы.

«Нұр Отан» – ұлты, ұрпағы діни нанымдары әртүрлі қазақстандықтарды біріктіретін, Қазақстан Республикасын, біздің ортақ Отанымызды өркендетіп гүлдендіретін көпшілік, кәсіби және барлық әлеуметтік топтар партиясы.

«Нұр Отан» – демократия мен әлеуметтік бағдарланған экономика негізінде тәуелсіз Қазақстанды нығайту мақсатында білімі мен тәжірибесін біріктірген отансүйгіштер мен мемлекетшілдер партиясы.

«Нұр Отан» – экономикалық өркендеу партиясы.

«Нұр Отан» – нақты саясат партиясы.

Біз, өз күшімізге сенеміз, оны Отан игілігіне арнауға дайынбыз.

Біз, Қазақстанның еркін, демократиялық және гүлденген ел болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.